

**6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ұсынылған Тажбенова Сауле Тажединовнаның «Қант диабетімен ауыратын науқастар мысалында ауруларды басқару бағдарламасын бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

**ШҚІР**

Докторант Тажбенова Сауле Тажединовна 2010 жылы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің «Медико-профилактикалық іс» факультетін бітірді. 2010 жылдан бастап Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау кафедрасында жұмыс жасайды. 2016 жылы «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша магистратураны бітіріп, медицина ғылымдарының магистрі дәрежесін алды. 2019 жылы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінде 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша ғылыми-педагогикалық бағыттағы докторантурадағы оқуын сәтті аяқтады.

Оқу барысында Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау кафедрасында педагогикалық тағылымдамадан, одан кейін Паула Страдыня атындағы Рига университетінде «Scientific Research» тақырыбында 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтті.

Университеттің Ғылыми Кеңесінде «Қант диабетімен ауыратын науқастар мысалында ауруларды басқару бағдарламасын бағалау» докторлық диссертация тақырыбы бекітілді. С.Т.Тажбенованың докторлық диссертация жұмысы қазіргі қоғамдық денсаулық сақтаудағы өзекті тақырыптардың бірі және ғылыми-практикалық маңызға ие. Диссертациялық жұмыс алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасының жұмысын бағалауға негізделген. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері нақты және зерттеу тақырыбына сәйкес келеді.

Орындалған диссертациялық жұмыс ғылыми-теориялық деңгейде жазылған және аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады. Зерттеудің ғылыми жаңалығын диссертацияның негізгі қорғауға ұсынылатын қағидалары мен тұжырымдары дәлелдейді. Қорғауға ұсынылатын қағидалар мен тұжырымдары ғылыми негізделген және олардың құрылымы ойластырылған, зерттеудің тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеуге көлемі жағынан жеткілікті материалдар жинақталған және өңделген, нәтижелері мұқият талданған. Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелері тәжірибелік ұсыныс ретінде Ақтөбе қаласының емханаларында енгізілді.

Диссертациялық жұмыс нәтижелері бойынша 8 ғылыми жұмыс басылымға шықты, оның ішінде: Scopus пен Web of Science Core Collection мәліметтер базасына кіретін халықаралық журналында 1 мақала, ҚР Білім және ғылым Министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетімен ұсынылған журналдарда 3 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 3 тезистер және авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы 1 куәлік және Ақтөбе қаласының №2,4 емханаларында ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу актілері алынды. Бұл емханаларда зерттеудің нәтижесі «Ауруларды басқару бағдарламасы бойынша шаралардың көлемі мен сапасын бағалау картасы және қант диабетін басқару бағдарламасының сапа индикаторлары» тәжірибелік ұсыныс ретінде енгізілді.

Докторант диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша отандық және шетелдік әдебиет көздерін, сондай ақ, жинақтаған статистикалық мәліметтерін өз бетінше талдады. Зерттеу жұмысы барысында қант диабетінен ауруларды басқару бағдарламасының жұмысына бағалау жүргізді, бағдарламаға қатысатын науқастардың бағдарламаға қанағаттанушылығын анықтау үшін сауалнама жүргізді, сондай ақ, қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасының ұйымдастырушылық аспектілерін сараптамалық бағалап, бағдарламаны іске асыру көлемі мен сапасын бақылау жүйесін әзірледі. Диссертацияның барлық бөлімдері зерттеудің мақсаттары, міндеттері мен

бағдарламалары, материалды жинау және өңдеу, диссертацияның негізгі қағидалары, қорытынды мен тәжірибелік ұсыныстар автормен өз бетінше тұжырымдалған және жазылған.

Жүргізілген зерттеу жұмысы докторанттың зерттеу техникасы мен заманауи әдістерін жақсы меңгергенін және ғылыми зерттеу жүргізуде жоғары деңгейдегі дайындығын айқындайды.

«Қант диабетімен ауыратын науқастар мысалында ауруларды басқару бағдарламасын бағалау» докторлық диссертация жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін қорғауға ұсынылған диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес келеді және докторант С.Т. Тажбенованы 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша Диссертациялық Кеңесте қорғауға ұсынамын.

**Ғылыми жетекші:**

**М.Оспанов атындағы «БҚМУ» КеАҚ  
Қоғамдық денсаулық және денсаулық  
сақтау кафедрасының жетекшісі, М.Ғ.К.,  
қауымдастырылған профессор**



**Л.С.Ермуханова**

